

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Алғысөз

The background of the lower half of the page is a complex, abstract composition of numerous overlapping, semi-transparent geometric shapes. These shapes, which include triangles, quadrilaterals, and polygons, are scattered across the page. The color palette is diverse, featuring shades of light blue, pale yellow, soft pink, muted green, and various tones of teal and blue. The overall effect is a vibrant, textured mosaic that transitions from a lighter, more ethereal feel at the top to a denser, more colorful pattern at the bottom.



Кітап: Тарихи антропология

Дәріс: Алғысөз

Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» оқу құралының жазылу тарихы, негізгі зерттеушілік мектептер туралы ақпарат, ресейлік ғылым жағдайы, классикалық еңбектерді орыс тіліне аудару мәселесі мен ұғымдарды қарастыру.

Негізгі идеялары:

1. Автордың ғылыми көзқарастары мен тарихи-антропологиялық зерттеулердің ерекшеліктерін тереңірек түсіну

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын бастаймыз. Бұл топтаманы дайындап, өздеріңізге ұсынып отырған мен Жамбыл Омарұлы Артықбаев, қазақ этнология ғылымында әлеуметтік антропология және шежіретану бағытының негізін салушылардың бірі, тарихшы, жазушы-драматург, педагог. Тарих ғылымдарының докторы (этнография, этнология және антропология саласы -07.00.07), профессор (Нұр-Сұлтан қаласы). Сонымен, алғашқы дәрісіміз «Алғысөз» деп аталады. Бұл М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралының негізгі мақсаты және оның тарих теориясында алатын орны, авторы туралы мәліметтерді қамтиды.

Оқулық оқырмандарды заманауи тарихи зерттеулердегі аса ықпалды бағыттардың бірімен таныстырады. Еңбекте антропологиялық бағыттағы тарихтың бастапқы (ментальдық тарихы) түрлерінен бастап, кейінгі түрлеріне (микротарихтар, өмір сүру салты тарихы, жаңа мәдени тарих) дейін қамтылған. Тарихи-антропологиялық бағыттағы жұмыстардың жалпы сипатымен қатар, жекелеген ұлттық мектептердің (Франция, Италия, Германия, АҚШ, Ұлыбритания) өзіндік ерекшеліктеріне мән беріледі. Тарихшылар мен антропологтардың пәнаралық пікір алмасу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады. Кітаптың қорытынды бөлімінде Ресейдегі тарихи антропологияның алғашқы тәжірибесі мен болашағы талқыланады.

2. Тарихи антропологияның негізгі мақсаты және қоғамдық ғылымдар арасында алатын орны

Бұл шағын кітап Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінің тарих факультетінде тарихи антропология бойынша дәрістер негізінде жазылды. Оқу құралының алғашқы нұсқасы 2000 жылы «Дмитрий Буланин» баспасында жарық көрді, бірақ одан кейінгі жылдары да тақырыппен жұмыс жалғаса берді, оның нәтижелері Ресейдегі және шетелдегі семинарлар мен конференцияларда жасалған бірқатар баяндамаларда, сондай-ақ мақалалар сериясында көрініс тапты.

Тарихи-антропологиялық зерттеулердің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге автордың тарих ғылымындағы заманауи бағыттар (микротарих, тарихи антропология, жаңа мәдени тарих) қарастырылған үш халықаралық жазғы мектептерді өткізуге атсалысуы да ықпал етті. 2001-2003 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті авторға Макс Планк атындағы Қоғам тарихы институты аясында өткізілген бұл мектептер антропологиялық тәсілді өз жұмыстарында көптен бері қолданып жүрген Юрген Шлюмбом, Дэвид У. Сэбиан, Гади Альгази сияқты басқа да аса көрнекті тарихшы-ғалымдармен көзбе-көз жолығып, араласуына мүмкіндік берді. 2002-2003 жылдары Геттингем Тарих институтында 2 айлық тәжірибеден өтудің арқасында автор, тіпті отандық ірі кітапханалардың өзінен де табыла бермейтін, өзімді қызықтыратын тақырыптар бойынша анағұрлым жаңа шетелдік әдебиетке қол жеткізді.

Бұл тәжірибе авторға тарихи антропология оқулығының қайта өңделген және толықтырылған екінші басылымын 2004 жылы сол баспадан қайта шығаруға мүмкіндік берді. Мәтінмен жұмыс барысында автор бірінші басылымға қатысты айтылған бірқатар сыни пікірлерді ескерді. Атап айтқанда, маңызы А.Р.Марковтың сын-пікірінде орынды атап көрсеткен, антропологиялық бағыттағы тарихтың қалыптасуының саяси және институционалды контексіне көбірек мән берілді; Ресейдегі тарихи антропология туралы бөлім айтарлықтай кеңейтілді және толығымен қайта өңделді (осы бөлімде отандық авторлардың есімі көрсетілмегені үшін авторды А.Л.Юргановтың сынағаны негізсіз емес болатын).

Алайда «Тарихи антропология» оқу құралы мұнымен де бітпеген екен. Ю.Шлюмбомның ұсынысымен автор, оның Д.А.Александровпен бірге жоспарлаған, орыс оқырмандарын тарихи зерттеулердің жаңа бағыттарымен (жарияланымдар жоғарыда аталып өткен халықаралық жазғы мектептердегі жұмыстардың жалғасы болды) таныстыруды мақсат еткен, микротарих пен тарихи антропология бойынша алты томдық аудармалар сериясын құрастыруға және редакциялауға қатысты. Көп ұзамай италиялық микротарих



Кітап: Тарихи антропология

Дәріс: Алғысөз

Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

бойынша көрнекті өкілдерімен болған кездесулер де авторға өз әсерін тигізді: 2006 жылдың тамыз айында Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінің жазғы мектебі аясында Карло Гинзбург, ал бір жылдан кейін Симона Черутти де сол жерде дәріс оқыды. Жаңа әдебиеттермен танысу, сондай-ақ әріптестерімен ой алмасу авторға тарихи антропология жайлы кітапты қайта басып шығартуға ой салды, ал Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінің баспасы автордың бұл жоспарын жүзеге асыруға көмектесті.

3. Тарихнамалық шегіністер

Авторға бәрінен бұрын тарихи антропология мен онымен туыстас бағыттар бойынша бірқатар классикалық еңбектердің орыс тіліндегі аудармалары пайда болғаны әсер еткенін атап өту керек, ресейлік оқырманға әлемдік гуманитарлық ойлардың тамаша жетістіктерінен мағлұмат берумен қатар, бұл аудармалар (Жак Ле Гофф, Филипп Арьес, Марк Блок, Натали Земон Дэвис Пьер Бурдьё, Клиффорд Гирц, Ирвин Гофман, Мэри Дуглас, Эдвард Э.Эванс-Причард, Норберт Элиас, Ж.Ле. Гофф, Эмманюэль Ле Руа Ладюри еңбектерінің орысша аудармалары) бірқатар мәселелерді де туындатады. Атап айтқанда, терминдер мен ұғымдардың аудармасына қатысты қиындықтар туады: тіл төл сөздерінің әдеттен тыс мағынадағы қолданысына «қарсыласады», ал дәлме-дәл мәндес балама табу аудармашының қолынан үнемі келе бермейді. Бұл автордың айтқысы келген ойының бұрмалануына әкеліп соқтыруы мүмкін; мұндай бұрмалаулар кейде тақырыптан-ақ басталады. Мысалы 1984 жылы басылған америкалық тарихшы Р.Дартонның кітабы түпнұсқа бойынша «The Great Cat Massacre and Other Episodes in French Cultural History» деп аталады, ал жақында жарық көрген орысша аудармасы «Великое кошачье побоище и другие эпизоды из истории французской культуры» деп алынған. Алайда ағылшын тіліндегі «cultural history» мен орыс тіліндегі «история культуры» екеуі бір нәрсе емес. Кіріспенің өзінде-ақ автор «этнографиялық бағыттағы тарихты» меңзеп отырғанын нақтылайды, онымен қоса біз «мәдениет тарихы» дегенде, әдетте, қайсыбір елдің әдебиетінің, сурет өнерінің және басқа да жоғары салалардағы ірі жетістіктерін айтатынымыз тағы бар. Аудармашының «мәдени тарих» деген сөзден қашуға тырысқаны түсінікті. Өйткені «мәдени» деген анықтауыш әзірге ең алдымен нақты бір адамға қатысты «тәрбиелі» немесе «білімді» деген мағынада қолданылады, ал американдықтар үшін «мәдени» ұғымы ғылымның бір саласы, мысалы «Мәдени антропология». Алайда осы күйіндегі тақырып автордың ойын анық бұрмалап тұрғандықтан, оның тапқан шешімім жақсы шешім деуге келмейді. Бәлкім, «мәдениеттанушылық (немесе культуральді) тарих» деген нақтырақ болар ма еді, бірақ бұл ұғым орыс тіліне де, қазақ тіліне де әлі ене қойған жоқ.

Әрине, мұндай қиын жағдайлар арнайы талқылауды қажет етеді және солардың бірқатары осы кітапта сөз болады. Дегенмен бұл мәселенің басқа да анағұрлым маңызды жағы бар: аударылған кітаптардың саны елдер және авторлар бойынша да біркелкі таратылмайды; қандай да бір өкілеттік туралы әңгіме қозғау тіпті мүмкін емес. Ресейде Француз тарихнамасына, соның ішінде атақты «Анналар» мектебіне іш тарту анық байқалады. Нәтижесінде, отандық гуманитария тұрғысынан, бұл мектеп тарихтағы, соның ішінде тарихи антропологиядағы бүкіл озық нәрсе атаулының синонимі іспетті болып, іс жүзінде бүкіл заманауи тарихи ғылымды ығыстырады.

Ресейде шетелдік зерттеушілер еңбектерінің аудармаларымен қатар, отандық авторлардың да тарихи антропология мен оған туыстас бағыттарға арналған жарияланымдары жыл сайын артып келеді, әрі теориялық мақалалардан бөлек, ресейлік материалдар негізіндегі нақты тарихи зерттеулер де жиі жарық көре бастады. Өкінішке орай Қазақстандық тарихнама бұл жағынан тым кеш қалды. Егер 90-жылдары ресейлік еңбектердің арасында ментальдық тарихы басымдыққа ие болса, қазір Ресейдің саяси және әскери-тарихи антропологиясы сияқты бағыттардың қалыптасқаны туралы айтуға болады; микротарих бағытында алғашқы қадамдар жасалуда; өмір сүру салты тарихы кеңінен өріс алды.

Осылайша тарихи антропология жөніндегі мәліметтер айтарлықтай молайды, ал біздің елімізде оны қабылдау аталған оқу құралының бірінші және үшінші басылымы аралығындағы он жыл ішінде мейлінше өзгерді. Жаңашылдық әсері белгілі мөлшерде азайды, өзіне ұнаған саланың (мейлі ол ментальдық тарихы, не өмір сүру салты тарихы немесе өзге бағыт болса да) мүмкіндіктерінің шексіздігіне сенімді болған жаңалық ашушының бастапқы қуанышы антропологиялық бағыттағы тарих пен оның ары қарайғы даму болашағының қазіргі жағдайын байыпты талдауға қарай ойысуы керек.

4. Автордың ұстанымы туралы

М.Кром «оқырман өзі куә болатындай, антропологиялық бағыттағы тарихтың кейбір түрлері мен нұсқалары маған өзгелеріне қарағанда анағұрлым жемісті және болашағы жақсы болып көрінеді. Әйтсе



Кітап: Тарихи антропология

Дәріс: Алғысөз

Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

де, мен өзімнің басты міндетім ретінде - қандай да бір әдістемелік ұстанымды жариялау деп емес; күрделі, тіпті А.Р.Марков айтпақшы, «қызық», бізге «тарихи антропология» атауымен белгілі заманауи тарихнама құбылысының біртұтас және барынша анық бейнесін көрсету деп түсіндім» дейді.

Оқу құралының үшінші басылымында италиялық микротарих туралы бөлім айтарлықтай қайта өңделді. Антропологиялық тұрғыдағы Ресей тарихы бөлімі соңғы жылдардағы жарияланымдар ескере отырып, толықтырылды. Дәрістер курсына ұсынылатын әдебиеттерінің тізімі кеңейтілді.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal methodology. Chicaqo, 1965.